

4.1. Емшек емізу

Емшектегі бала үшін ең жақсы тамақ емшек сүті болып табылады, ол баланы алғашқы алты айда қажет болатын барлық тағамдық заттармен қамтамасыз етеді. Бұған қоса, онда кішкентай адамның бірден-бір қажеттіліктерін өтейтін кейбір ешнәрсемен ауыстыруға келмейтін көп қаныққан май қышқылдары, кейбір сүт ақуыздары жеңіл сіңірілетін темір бар. Емшек сүтінде сондай-ақ, нәрестенің ішектерінің бейімделуі мен дамуына мүмкіндік туғызатын микробтар мен жұқпалы инфекциялардан қорғайтын, өнеркәсіп өндірісінің балаларға арналған тағам қоспаларында жоқ иммундық және биологиялық белсенді заттар бар.

емшек емудің артықшылықтары

Бала үшін:

- ◇ баланың анасымен арасындағы жақсы өзара қарым-қатынас (анасымен тығыз қарым-қатынас балаға қорғаныш сезімін бере отырып, баланы тыныштандырады, емізген кездегі анасымен қарым-қатынас баланың эмоционалдық, әлеуметтік және физикалық дамуын арттырады);
- ◇ организмге толыққанды нәрлі заттардың, микроэлементтердің, дәрумендердің, ферменттердің түсуін қамтамасыз етеді;
- ◇ асқазан-ішек жолының қызметін реттейді (диспепсиялық аурулардың жиілігі мен ұзақтығын азайтады);
- ◇ иммунологиялық қорғаныс туғызады (емшек еміп жүрген балалар жасанды тамақтанатын балаларға қарағанда 2,5 есе аз ауырады және олардың ішінде 6 айлық балалардың диареядан өлу ықтималдығы 25 есе аз болады, респираторлық инфекциялардан қорғауды қамтамасыз етеді, құлақтың қабынуы және оның қайталану жиілігі азаяды);
- ◇ нәрестелерді некротиялық энтероколиттен, бактериемиядан, менингиттен, ботулизмнен және несеп шығару жолдарының инфекциясынан қорғауы мүмкін;
- ◇ I типті қант диабеті және ас қорыту жолының қабынуы сияқты аутоиммундық аурулардың азаюы мүмкін;
- ◇ дені сау баланың мезгілсіз шетінеу синдромы қаупінің азаюы мүмкін;
- ◇ сиыр сүтіне аллергияның даму қаупі азаюы мүмкін;
- ◇ неғұрлым өскен кезде семіздік қаупін төмендетуі, өскенде жүректің ишемия ауруының алдын алуы мүмкін;
- ◇ IQ шкаласы бойынша ақыл-ой дамуының көрсеткіштері жоғарылайды; ◇ еңбек – тамақ стереотипін қалыптастырады; ◇ тістердің түйісуін дұрыс қалыптастырады.

ана үшін:

- ◇ бала туғаннан кейін емізуді ерте бастау жатырдың тартылуына ықпал ете отырып, босанғаннан кейінгі қан кетуді азайтады, сол арқылы ана өлімін төмендетеді, сондай-ақ ананың гемоглобин қорын сақтайды;
- ◇ тек бала емшек емген кезде, яғни 6 айға дейін жүктіліктен сақтайды (сондай-ақ емізу аменореясы ана организмін темір жоғалтудан сақтайды);
- ◇ климактериялық кезең алдында кеуде және аналық бездер обыры қаупін азайтады; ◇ аналық сезімді дамыта отырып, баламен жақсы психологиялық байланыс орнатуға ықпал етеді.

Отбасы үшін:

- ◇ қаражат пен уақытты үнемдеу (сүт қоспасы, тамақ дайындау немесе оны жылыту үшін энергия, бөтелкелер, емізіктер, дәрілер т.б.): ◇ дені сау бала;
- ◇ дені сау ана.

Отбасылық дәрігер мен денсаулық сақтау үшін (мемлекет үшін):

- ◇ дені сау ұрпақ: дені сау ана – дені сау бала;
- ◇ ауру және өлім көрсеткіштерінің жақсаруы;
- ◇ еңбекке жарамды халықтың еңбек және интеллектуалдық көрсеткішінің жоғарылауы;
- ◇ қаражатты қайта бөлу – емделу шығынын азайту, аурудың алдын алу мен денсаулықты бекемдеуге қаражатты ұлғайту;
- ◇ сүт қоспаларын өндіруге бөлінетін қаражатты азайту.

Барлық балалар туғаннан бастап 6 айға дейін тек емшек емуі керек. Бір жастан асқан соң да емізуді жалғастырған дұрыс, ал Қазақстан жағдайында екі жасқа дейін, тіпті одан да көп емізуге болады.